

Ел боламын десең, бесігіңді түзе

Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-баба мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор. Өткенін бағалап және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі. Ұлан-ғайыр қазақ жері сан мыңдаған ғасыр шежіресін қойнауына жиған қазынаның қайнар көзі. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт, атқа міну мәдениеті, ұлы даладағы ежелгі металлургия, аң стилі, алтын адам, түркі әлемінің бесігі, Ұлы жібек жолы, еліміздің алма мен қызғалдақтың отаны болуы қазақ халқының әлеуетін арттырды. Бабалар жолы адамзат дамуындағы ал-

мағайып заманалардан асқан болмысымызды айқындаса, қазақтың әлемге жау жүрек жауынгер ретінде танылуының сыры атқа міну мәдениетінде екендігін Елбасымыз саралап берді. Ұлы даладағы ежелгі металлургия туған өңірімізді тереңнен зерттеп, зерделеуге жол сілтеп тұрғандай. Әлем мемлекеттері арасында төрт түлік жайлап, аң аулап, саятшылықпен айналысқан атам қазақ бұл игі дәстүрімен әлі де алға озады. «Асылдың сынығы, тектінің тұяғы» дейтін тіркестерді тудырған қазақ елінде табылған «Алтын адам» біз үшін зор абырой. Түркі әлемінің бесігіндегі Ұлы Жібек жолы тіршіліктің күре тамыры іспетті. Кең байтақ қазақ даласы тарихи жәдігерлермен қоса табиғи байлықтарға, алуан түрлі өсімдіктерге аса бай. Мәселен, Елбасы мақаласында баяндалатын қызғалдақ гүлі мен алма.

Тұңғыш Президент мақаласынан Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы – Сиверс алмасының отаны саналатынын, дәл осы тұқымның әлемге көп таралған жемісті тарту еткенін оқып білдік. Танымал жемістің Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыты арқылы Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралғанына, терең тарихының символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең өсем қалалардың бірі Алматы деп аталғанына көзіміз жетті. Өсімдіктер әлемнің жауһары саналатын Регель қызғалдақтарын Қазақстан аумағында бастапқы күйде кездестіруге болатынын, Тянь-Шань тауларының етегі мен шөлейт даланың түйісер тұсында пайда болып, біртіндеп әлемге тарағанына тамсандық. Бүгінде жер жүзінде қызғалдақтың

үш мыңнан астам түрі болса, олардың басымы көпшілігі біздің дала-қызғалдағынан өсіп өнген. Қазақстанда қызғалдақтың 35 түрі кездеседі, әрі оның бірқатар түрі қызыл кітапқа енгізілген. Осынау қарапайым әрі нәзік табиғат сыйын Торғай даласында да әр көктем сайын көріп қуәміз. Оюлы кілемдей ой-қырды көмкерген керемет көрініс әрдайым көз алдымызда. Ұлы дала тарихынан тағылым алу – парызым деп білетін біздің, ұл-қыздарымыздың, келешек ұрпақтың еншісі бабалардың бағалы аманаты. Мәңгілік елдің іргетасы тарих тереңінен тамыр тартса ғана берік, мығым болмақ.

Зульфия БЕЙСЕНОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
АрПИ оқытушысы.